

UDC/ЭОЖ/УДК 94(574)  
СICSTI/FTAMP/MPНТИ 03.20

## “Trudy” (“Works”) of the Orenburg Scientific Archival Commission and their historical significance

**Saule K. Uderbaeva**

*Candidate of History, Senior Lecturer, Al-Farabi Qazaq National University, Almaty, Qazaqstan.*

*E-mail: saule-uderbaeva@mail.ru*

*<https://orcid.org/0000-0002-0322-964X>*

<b>Keywords:</b> Qazaqstan; Russian Empire; Provincial Scientific Archival Commissions; Orenburg Scientific Archival Commission; Imperial Russian Geographical Society; "Trudy"; library; museum	<b>Тірек сөздер:</b> Қазақстан; Ресей империясы; Губерниялық ғылыми архив комиссиялары; Орынбор ғылыми архив комиссиясы; Императорлық Орыс географиялық қоғамы; «Труды»; кітапхана; музей	<b>Ключевые слова:</b> Казахстан; Российская империя; Губернские ученые архивные комиссии; Оренбургская ученая архивная комиссия; Императорское Русское географическое общество; «Труды»; библиотека; музей
--	---	---

This article examines the history and activities of the Orenburg Scientific Archival Commission (1887–1917) and the historical significance of the “Trudy” (“Works”) it published. Using archival documents and the recent research, this article examines the reasons for and circumstances surrounding the creation of the Provincial Scientific Archival Commissions of the Russian Empire, their goals, and objectives, in detail. Particularly, the formation of the Orenburg Scientific Archival Commission is described. Thirty-nine provincial commissions were created in the Russian Empire, with the Orenburg Commission being the only institution of its kind in Central Asia, including Qazaq territories. Its jurisdiction included the Orenburg, Ufa, and Samara Governorates, the Turgay Region, the entire Turkestan, and the West Siberian Governorate-General. The Commission was engaged in archival, research, and educational activities. The results of its work were published in the “Trudy Orenburgskoy Uchyonoy Arkhivnoy komissii” (“Works of the Orenburg Scientific Archival Commission”). Thirty-five issues were released between 1889 and 1917. They published original research on the history and ethnography of the Qazaq people and the geography of Qazaq Steppe from ancient times to the early 20th century. In 1897, the Orenburg Commission started a museum, which laid the foundations for museology in Qazaqstan, and a library was also opened. The Orenburg Commission conducted historical, ethnographic, and archaeological research in the Orenburg region and throughout present-day Qazaqstan. The scientific and organizational activities of the Orenburg Commission were of great importance in the scientific study of the region; they were distinguished by their multifaceted and comprehensive nature. The Orenburg Commission facilitated the involvement of a large circle of intellectuals in scientific work.

**For citation:** Uderbaeva Saule K. 2025. “Trudy” (“Works”) of the Orenburg Scientific Archival Commission and their historical significance. *Qazaq Historical Review*, vol. 3, no. 2, 201–216 (in Qazaq). DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2025.2.201.216>

## Орынбор ғылыми архив комиссиясының «Труды» басылымы және оның тарихи маңызы

**Сәуле Үдербаева**

*тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,*

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

Мақалада Орынбор ғылыми архив комиссиясының (1887–1917) құрылуы мен жұмысы және ол шығарған «Труды» басылымының тарихи маңызы сөз болады. Архив құжаттары мен жаңа зерттеулер негізінде Ресей империясында губерниялық ғылыми архив комиссияларының пайда болу себептері, мақсаты мен міндеттері қарастырылған. Соның ішінде Орынбор ғылыми архив комиссиясы егжей-тегжейлі сөз болған. Ресей империясында 39 губерниялық комиссия құрылса, соның бірі Орынбор комиссиясы Қазақстанда орналасты. Комиссия Орынбор, Уфа, Самара губернияларын, Торғай облысын, бүкіл Түркістан өлкесін, Батыс Сібір генерал-губернаторлығын қамтыды. Комиссия архив жұмыстарымен, зерттеумен және ағартушылықпен шұғылданды. Жұмыс нәтижелері Орынбор архив комиссиясының «Труды» басылымында жарияланды. 1889 жылдан 1917 жылға дейінгі аралықта басылым отыз бес рет жарық көрді. Онда қазақ халқының тарихи мен этнографиясы, ежелгі дәуірден XX ғасырдың бас кезіне дейін Қазақстан географиясы туралы құнды зерттеулер жарияланды. 1897 жылы Орынбор комиссиясының

жанынан музей мен кітапхана ашылды, мұны Қазақстандағы музей ісінің бастапқы кезеңі деуге болады. Орынбор комиссиясы тарихи, этнографиялық және археологиялық зерттеулерді тек Орынбор өлкесінде ғана емес Қазақстанның басқа да аймақтарында жалғастырды. Орынбор комиссиясының көп қырлы ғылыми жұмыстарының өлкетанушылық бағыттағы маңызы зор болды. Комиссия бұл жұмыстарға ғылым мен өлкетану саласындағы көптеген зиялы қауым өкілдерін тарта білді.

**Сілтеме жасау үшін:** Удерббаева С.К. Орынбор ғылыми архив комиссиясының «Труды» басылымы және оның тарихи маңызы. *Qazaq Historical Review*. 2025. Т. 3. № 2. 201–216-66. DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2025.2.201.216>

## «Труды» Оренбургской ученой архивной комиссии и их историческое значение

**Сауле К. Удерббаева**

*кандидат исторических наук, старший преподаватель,  
Казахский национальный университет имени ал-Фараби, Алматы, Казахстан*

В статье исследуется история создания и деятельность Оренбургской ученой архивной комиссии (1887–1917) и историческое значение издаваемых ею «Трудов». На основе архивных документов и новейших исследований подробно рассмотрены причины и обстоятельства создания Губернских ученых архивных комиссий Российской империи, их цели и задачи. Более детально описано формирование Оренбургской ученой архивной комиссии. В Российской империи было создано тридцать девять губернских комиссий, и только Оренбургская комиссия являлась единственным учреждением такого рода на территории Казахстана. В ее ведении находились Оренбургская, Уфимская, Самарская губернии, Тургайская область, весь Туркестанский край, Западно-Сибирское генерал-губернаторство. Комиссия занималась архивной, исследовательской и просветительской деятельностью. Результаты ее работы были опубликованы в «Трудах» Оренбургской ученой архивной комиссии. С 1889 по 1917 годы было издано тридцать пять выпусков. В них опубликованы оригинальные исследования по истории и этнографии казахского народа, географии Казахстана с древнейших времен до начала XX века. В 1897 году при Оренбургской комиссии был создан музей, в дальнейшем заложивший основы музееведения в Казахстане, а также была открыта библиотека. Оренбургская комиссия проводила исторические, этнографические и археологические исследования в Оренбургском крае и на большей территории Казахстана. Научно-организационная деятельность Оренбургской комиссии имела большое значение в деле научного изучения края, она отличалась многоплановостью и комплексным характером. Оренбургская комиссия способствовала вовлечению большого круга интеллигенции в научную деятельность.

**Для цитирования:** Удерббаева С.К. «Труды» Оренбургской ученой архивной комиссии и их историческое значение. *Qazaq Historical Review*. 2025. Т. 3. № 2. С. 201–216 (на казахском). DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2025.2.201.216>

### Кіріспе

Ресей империясы жаулап алған соң өзі отарлаған жерді зерттеу мақсатымен қазақ жерінде әртүрлі қоғам құра бастады. Бұл кезең қазақ тарихында көбіне Ресей империясының отарлау кезеңі деп аталады. Осы тұста Қазақстан аумағында ғылыми, өлкетану, археологиялық жұмыспен айналысатын алуан түрлі қоғам пайда болды, оның ішінде Императорлық Орыс географиялық қоғамы, Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі бар. Орынбор ғылыми архив комиссиясы ерекше орын алады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Орынбор қаласы Қазақстанды ғылыми тұрғыдан зерттейтін ірі орталықтардың бірі болды. Орынбор комиссиясы – Ресейдегі отыз тоғыз губерниялық ғылыми архив комиссияларының бірі. 1884 жылы 13 сәуірде бекітілген «Ғылыми архив комиссиялар мен тарихи архивтер құру туралы» ереже бойынша 1887 жылы желтоқсанда Санкт-Петербург археология институтының ұсынысы бойынша бастамашыл топ құрған. 1917 жылға дейін жұмыс істеген бұл комиссияның «Труды» деп аталатын баспасөз органы болды. 1889 жылдан 1917 жылға дейінгі аралықта басылымның отыз бес нөмірі шықты. Онда ежелгі дәуірден XX ғасырдың басына дейінгі Қазақстан тарихы бойынша алуан түрлі материал жарық көріп, тартымды тарихи дереккөздердің біріне айналды. Тек Қазақстан тарихы бойынша ғана емес, сонымен қатар Башқұртстан, Орта Азия, Орынбор өлкесі, Орынбор казактары туралы зерттеулер жарияланды. Комиссия архивтерінің бірқатар тізімдемелері мен жұмысы мен отырыстарының хаттамалары бар.

Орынбор архив комиссиясы отыз жылға жуық жергілікті зиялы қауымның басын қосып, ғылыми-өлкетану саласындағы жұмыстарын үйлестірді, архив ісінің, археологиялық, өлкетанушылық ізденістердің бастауында тұрды. «Труды» басылымында тарихи монографиялыр, деректі мемуарлар, археологиялық дереккөздер мен тарихи-өлкетанушылық сипаттағы мақалалар мен естеліктер жарияланды [Зобов 1988: 143]. Ғылыми жұмыстарының нәтижесі мен ауқымы жөнінен Орынбор комиссиясы Ресейдің өзге губерниялық архив комиссияларынан көп ретте озық тұрды [Үдербаева 2013: 200]. Комиссияның сан қырлы кешенді қызметіне архив, зерттеу және ағартушылық жұмыстары кірді. Орынбор комиссиясы Орынбор өлкесі мен Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты. «Труды» басылымы Орынбор комиссиясы мүшелерінің ғылыми-өлкетанушылық жұмыстарының нәтижесінде өзіндік тарихи дереккөз ретіне қалыптасты [Үдербаева 2013: 200–210].

Атап өтерлік жайт, Қазақстан аумағында жұмыс істеген түрлі ғылыми қоғамдардың басылымдары мен материалдары Қазақстанның жаңа замандағы тарихы бойынша жазба дереккөздер ретінде зерттелген емес. Сонымен қатар губерниялық комиссиялардың материалдарын дереккөзтанушылық тұрғыда талдау әдіснамасы әзірге жасалған жоқ.

### Материалдар мен әдіснамалар

Зерттеу міндетінің шешімдері ғылыми зерттеудің ортақ және арнаулы принциптері мен тарихилық принциптеріне негізделген. Мақалаларды әзірлеу процесі кезінде тарихи, тарихи-салыстырмалы (компаративті), тарихи-кеңістік, ретроспективті, нақты-тарихи, салыстырмалы ғылыми әдіснамалар қолданылып, талдау жасалған. Мақала құрылымын жасағанда проблемалық-хронологиялық әдіс пайдаланылған.

Дереккөз өткен кезеңнің нақты мәдениетінен туындап, нақты тарихи жағдайлар, сонымен қатар сол кездегі социомәдени жүйенің себептері, мақсаттары мен міндеттерінен пайда болады. Сол себепті тарихи дәуірдің өзін дұрыс түсіне білудің маңызы зор. Онсыз дереккөздің мазмұнын ұғып, әрі қарай дұрыс тарқату мүмкін емес. Тарихи жағдайлар қалай болғанда дереккөздің мазмұны мен мәніне айрықша ықпал етеді. Бұл ретте сол кезеңдегі социомәдени құбылыс ерекше рөл атқарады. Сол арқылы дереккөздің пайда болу себептері мен сол сәттегі конъюнктураның ықпалын анықтауға болады [Никулин 2000: 71].

Ресей империясының отаршылдық саясаты кезінде болған алуан түрлі күрделі оқиғалар кезінде Қазақстанды жан-жақты зерттеу басталды. Ресей ведомстволары, ғылыми және өлкетану қоғамдары іске қосылды. Соның нәтижесінде Қазақстан тарихы бойынша алуан түрлі материалдар жинақталған өзіндік дереккөз базасы пайда болып, қалыптасты. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда қоғамдық ой-пікірдің өрістей түсуіне ғылыми қауымдастықтар мен мәдени-ағартушылық ұйымдардың ықпалы күшейді.

Зерттеудің дереккөз базасы бірнеше топтан құралды. Дереккөздердің алғашқы негізгі тобы Орынбор ғылыми архив комиссиясы мен оның отырыстары, «Труды» басылымы болды. Бұл зерттеудің негізгі материалына айналған Орынбор комиссиясының «Труды» басылымының материалдары Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар қорында, Орынбор облыстық мемлекеттік архивінің кітапханасы мен Орынбор облыстық архивінде сақтаулы тұр.

### Талқылау және қорытынды

Орынбор тарихы бойынша көрнекті зерттеуші Юрия Зобовтың пікірінше, губерниялық ғылыми архивтер Ресейдің тарихи өлкетану саласының бастауында тұрды. Мұндай комиссиялар XIX ғасырдың 80-жылдары, Ресейдегі жылдам дами бастаған капитализм тұсында елдің орталығында да, тіпті аймақтарда да тарихи, географиялық, этнографиялық



Fig. 1. Orenburg at the beginning of the 20<sup>th</sup> century. The Ural River and the ancient Preobrazhensky “Zolotoj sobor” (“Golden Cathedral”). National Library of Russia, St. Petersburg. Source: Archive of the Institute for Humanities Studies ABDI

1-сур. Орынбор. XX ғасырдың басы. Жайық өзені және ежелгі Преображенский «Алтын соборы». Ресей Ұлттық кітапханасы, Санкт-Петербург. Дереккөз: АБДИ гуманитарлық зерттеу институтының мұрағаты

Рис. 1. Оренбург в начале XX века. Река Урал и древний Преображенский «Золотой собор». Российская национальная библиотека, Санкт-Петербург. Источник: Архив Института гуманитарных исследований АБДИ

және өзге де зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туған кезде пайда болды [Зобов 1988: 142]. Бұл мақаланың авторы Орынбор комиссиясының ғылыми мұрасын зерттеумен бірнеше жылдан бері айналысып келеді [Удербоева 2010; Удербоева 2011; Удербоева 2013; Uderbaeva 2016; Удербоева 2019; Удербоева 2021; Любичанковский, Удербоева 2019].

2020 жылы Орынбор зерттеушілері Галина Матвиевская мен Алла Прокофьеваның «Орынбор архив комиссиясы мен оның «Труды» басылымы және авторлары» («Оренбургская ученая архивная комиссия, ее «Труды» и авторы») деп аталатын кітабы жарыққа шықты. Кітап авторлары Орынбор ғылыми архив комиссиясының 1887–1917 жылдар аралығындағы негізгі жұмыс бағыттарын зерттеп, Орынбор өлкесі жөніндегі археологиялық, тарихи-мәдени сипаттағы бай материалды зерделеп шыққан, сонымен қатар Александр Дутов, Жозеф-Антуан Кастанье, Закир Рамиев, Александр Попов, Петр Столпянский секілді комиссияның неғұрлым белсенді мүшелерінің ғылыми мұраларын қарастырған [Матвиевская, Прокофьева, 2020].

Архив комиссияларының құрылуына губерниялық және уездік мекемелердің архивтеріндегі көне істердің қараусыз қалып, жойылғаны негізгі себептердің бірі болды. Күнделікті іс жүргізуге қажетсіз қағаздардың еш сараптамасыз жойылуы салдарынан ғылыми маңызы бар көптеген құжаттар жоғалды. 1860–1870 жылдары, «ұлы реформалар кезінде бұрынғы мекемелер ерсілі – қарсылы таратылып, олардың материалдары архивтерге кеткенде бұл құбылыс жаппай сипат алды. Архив комиссияларын құру жөнінде бастама көтерген академик Николай Калачев (1819–1885) былай жазды:

*... ученые комиссии нужны для того, чтобы положить по возможности предел вандализму чиновников, призванных к архивному делу, столбцы и книги назначаются к уничтожению чиновниками, не умеющими читать старинные рукописи и, однако, крайне заинтересованными в скорейшем получении вознаграждения за свои «неусыпные труды» [Писарькова 1990: 189].*

*... ғылыми комиссиялар чиновниктердің вандализмін тоқтату үшін керек. Ескі қолжазбаларды оқи алмайтын шенеуніктер олардың көзін тезірек құртып, «сол еңбектеріне» марапат алғысы келеді.*

Калачев жасаған Ереже архив жұмысының негізгі бағытын қарастырды: губерниялық және уездік мекемелердің ескі құжаттарын сараптау, тарихи тұрғыдан құнды құжаттарды анықтау, оларды жүйелеу, арнайы құрылған архивтерде сақтау. Одан әрі комиссия міндетіне құжаттар мен істердің тізімдері мен көрсеткіштерін жасау кірді [Шведова 1958: 377].

Губерниялық тарихи архивтер әртүрлі ведомстволардың губерниялық және уездік архивтердің жоюға жібергелі отырған құжаттары мен істерін архив комиссиялары қарап, ғылыми тұрғыда маңызы бар деп есептелген соң «мәңгілік сақталуға» тиісті қағаздардан құралуға тиіс болды [Шведова 1958: 377].

Әсіресе, комиссиялардың материал жинақталуына және қаржысына байланысты жарық көретін өзінің баспа органы болғаны маңызды еді. Олар көбіне «Труды», «Известий» деген атпен шықты. «Труды» басылымында комиссия қарауындағы материалдар мен құжаттар, мақалалар мен зерттеулер, комиссияның жұмысы туралы отырыстар мен есептер жарияланды. Кейбір комиссияларда ондай басылым болмады [Шведова 1958: 377]. 1917 жылға дейін ашылған 39 губерниялық комиссияның 29-ының өз басылымы болды. Отырыстар мен есептердің журналдары аз ғана тиражбен шығып тұрды [Макарихин 1989: 166].

Комиссия жұмысын бақылау мақсатымен соңғысы бір жағынан Петербург археология институтына, бір жағынан комиссиялардың тікелей қамқоршысы болып саналатын жергілікті губернаторларға бағындырылды. Комиссия Археология институтына есеп берді. Ол өз кезегінде ғылым академиясына есеп беріп отырды [Шведова 1958: 378].

Губерниялық комиссиялар жариялаған өлкетану материалдары монография, қалалық анықтамалық, жинақ және жеке құжаттар түрінде жарық көрді. Егер оларды әр салаға бөліп қарайтын болсақ мынадай болар еді:

1. Өлкелердің, губерниялардың, қалалар мен ауылдардың тарихы
2. Епархиялардың, монастырлардың, шіркеулердің тарихы
3. Тарих және мәдениет ескерткіштері
4. Шежіре мен жеке тұлғалар
5. Мәдениет пен өнер тарихы
6. Әскери тарих
7. Этнография
8. Археология
9. Мекемелер мен кәсіпорындар тарихы [Романова 1990: 44].

Губерниялық комиссиялардың отырыстарына оның тұрақты мүшелері мен отырысқа шақырылған адамдар ағымдағы істі талқылап, ғылыми баяндамалар мен хабарларды тыңдады, содан соң отырыстың қорытындылары баспасөз органдарында жарияланды. Бұған дейін атап өткендей, комиссия басылымы ақша мен материал жеткілікті болғанда шығып тұрды.

Жергілікті тарих бойынша материалдар мен дереккөздерді жинау мәселесінде губерниялық комиссиялар үлкен із қалдырды. Архив комиссияларының жарияланған мұраларына жасалған қарапайым шолудың өзі оның жергілікті тарих бойынша дереккөз базасын қалыптастыруға үлкен үлес қосқанын аңғаруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда баяндалған жайттың бәрін Қазақстан аумағында құрылған Орынбор архив комиссиясы да бастан өткерді. Орынбор комиссиясы Орынбор, Уфа, Самара губерниясын, Торғай облысы мен Торғай өлкесін, Батыс Сібір генерал-губернаторлығын қамтыды.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Орынбор қазақ халқы мен қазақ жерінің табиғатын зерттеу мәселесін жүзге асырып келген ірі орталықтардың бірі болды. Орынбор қаласында қазіргі Ақтөбе, Атырау және Қостанай облыстарын біріктірген Торғай облысының әкімшілік мекемелері орналасты. Қалада Орынбор комиссиясынан өзге Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімі, Торғай облыстық статистикалық комитеті жұмыс істеді. Осы ұйымдардың мүшелері мен жергілікті өлкетанушылар да негізінен Орынборда өмір сүрді [Масанов 1966: 236].

Отыз жылдай жұмыс істеген Орынбор ғылыми архив комиссиясы жергілікті ізденушілерді өлкенің көне тарихын зерттеуге жұмылдырды, архивтану, археология, деректанушылық зерттеулердің негізін қалады. Оның бәрі «Труды» басылымына жарияланды. Атап өтерлік жайт, өлкетанушылық жұмыстардың ауқымы мен нәтижелері жөнінен Орынбор комиссиясы өзге комиссиялардан кем түскен жоқ, қайта Орал, Еділ жағасындағы комиссиялардан асып түсті. Оған ең әуелі Орынбор өлкесінің Еуропа мен Азияның және Ресейдің Қазақстан мен Орталық Азия халықтарымен сауда-экономикалық, саяси және мәдени қарым-қатынасы тоғысқан тұсында жатқаны себеп болды [Зобов 1988: 143].

Аса бай архив материалдарына сүйеніп, оларды алғаш рет ғылыми айналымға түсірген Орынбор комиссиясы мүшелерінің ғылыми-зерттеушілікпен жемісті айналысты, өлке тарихы мен археологиясы бойынша ондаған дербес жұмыстар жасады [Зобов 1988: 143].

Орынбор генерал-губернаторы Николай Крыжановскийдің тірі кезінде-ақ өз кеңсесінің 1874–1875 жылдарды қамтитын, еденде шашылып жатқан архивін талдап, ретке келтіру мәселесі пайда болды. Генерал-губернатор мен оған бағынышты мекеме шенеуніктерінің ретсіз архивін комиссия екі жылға жуық қарап шығып, жүйелі жолға қойды. Комиссия барлық істің тізімін жасауға талпынды, алайда кеңсе қызметкерлерінің тікелей міндетіне жататын ондай ауқымды жұмысты атқару мүмкін емес еді. Өз кеңсесі архивінің Орынбор өлкесінің өткенін зерделеудегі маңызы зор екенін мойындай отырып, генерал-губернатор тек архив материалдарын жинақтаумен ғана шектелмей, өлке тарихын жан-жақты зерттеуге зиялы қауым өкілдерін де кеңінен тартуға кірісті [Иванов 1897: 40]. 1880 жылы 19 желтоқсанда Орынбор қаласына белгілі саяхатшы Николай Пржевальский келген кезде маңызды мәселенің бірі шешімін тапты. Адам толы қалалық дума залында саяхатшының әңгімесі басталар алдында өлке бастығы Крыжановский шығып сөйлеп, Орынбор өлкесін жан-жақты зерттей түсу қажеттігін мәлімдеді. Жиынға қатысушылар құптап, үш бағытта жұмыс істейтін комиссия құрылды:

География бойынша – төраға – генерал-майор Феофил Самоцвет (1834–1905).

Статистика бойынша – төраға – генерал Левь Мейер (1831–1910).

Қоғамдық байлық тарихы мен дәрігерлік бойынша – төраға – құпия кеңесші, медицина докторы Алексей Лотин (1872–1949).

Тарих, археология, этнография мәселесімен шұғылдану генерал-губернатор шақырған ерекше тұлға – Орынбор өлкесін зерттеуші, көптеген ғылыми қауымдастықтардың мүшесі Руф Игнатъевқа (1818–1886) жүктелді. Ең әуелі өз кеңсесінің архивін жасаудың қамын ойластырған генерал-губернатор Ресей ішкі істер министрлігіне 600 сом кредит бөлу туралы бірнеше ұсыныс жасады, алайда сол кездегі қаржы қиындықтарына байланысты қабылданбай қалды [Иванов 1897: 40]. Бұл – Орынбор комиссиясын құру жолындағы алғашқы қадамдар болатын. 1881 жылы қыркүйектің бас кезінде Археология институты өзінің толық мүшесі Александр Гаврилов (1844–1915) пен ерікті тыңдаушы Аполлинарий Львовты (1848–1901) іссапарға жіберді. Олар архивтің жағдайымен танысып, архив істерін сақтау ережелерінің

жобасын жасады және архивтің ғылыми зерттеулер үшін маңыздылығын нақтылап көрсетті. Одан кейін 1882 жылы Орынборға атақты орыс архивісті, Ресейде губерниялық комиссиялар құру жөнінде бастама көтерген ғалым, академик Николай Калачевтің (1819–1885) өзі келіп, жағдаймен танысты. Калачев Ресей ішкі істер министрлігінің құпия кеңесшісі Федор Грестің (1824–1891) ғылыми архив жасау жөніндегі ерекше комиссия құру туралы жобасына келісім берді. Жұмыстың машақатынан құтылғысы келген патша шенеуніктері, тіпті архивті өзге архив қоймаларына бөліп тастауды ұсынды. Негізінен мұғалімдерден құралатын жергілікті ізденушілер бұл ұсынысқа қарсы шықты [Масанов 1966: 236–237].

Калачевтің тікелей қатысуымен алдын ала екі рет кеңес өтіп, оған құпия кеңесші Гирс, Ресей ішкі істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунігі Николай Галдинский, Орынбор және Торғай облыстарының вице-губернаторлары Василий Лукошков (1903 өлген) пен Владимир Ильин, қала басшысы Николай Середа (1840–1915), «Оренбургский листок» редакторы Иван Ефимовский-Мировицкий (1839–1905), «Губернских ведомостей» редакторы Руф Игнатъев, Северный гимназиясының өкілі, археологтар Александр Гаврилов пен Аполлинарий Львов қатысты. Отырыста комиссияның нақты бағдарламасы мен комиссия мүшелері жасайтын тізімдер және архив істері мен қағаздарының көрсеткіштері қарастырылды. Екінші отырыста архивке байланысты түрлі мәселелерді талқылау кезінде архивті ретке келтіру үшін оны жергілікті орталық архив ретінде Орынборда қалдыру туралы мәселе пайда болды [Иванов 1897: 42]. Жергілікті әкімшіліктің архив комиссиясын қолдайтындығы жөніндегі келісімі сөз күйінде қалды. Алты адамнан құралған комиссия төрт жыл бойы бүкіл істі ақтарып, оны генерал-губернатордың кеңсесінен бұрынғы генерал-губернаторлық үйіне тасыды. Төртінші жылдың соңына қарай комиссияда бір-ақ адам – Павел Распопов қана қалды (1834–1893). Солай бола тұра археология институтының директоры архивтің ғылыми негіздемесін жасау және губернаторға Орынбор ғылыми архив комиссиясын құру жөнінде ұсыныс жасау керек деген шешімге келді. Губернатор Николай Маслаковецтің (1833–1908) пәтерінде губернатордың төрағалығымен, арнайы шақырылған жиырма жеті адам қатысқан жиын өтті. Генерал-губернаторлықтың архивін қарау барысы жөнінде Распоповтың баяндамасын тыңдады. Есепке қарағанда, хронологиялық тізім жасалмаған, өйткені оны жасайтын да ешкім жоқ. Археология институты жойылатын істерді қайта қарауды талап етті, жұмыс көп, тегін жұмыс істейтін қызметкер жоқ, ақша түгел жаратылған. Сөйтіп архив комиссиясына екі міндет жүктелген. Бірінші: Орынбор архив комиссиясын орналастыру ісін аяқтау. Бұған сақтау үшін іріктелген 21194 іс қосылды. Екінші: жойылатын істерді қайтадан қарап шығу, оның саны 72 599 іс болатын [Иванов 1897: 42].

Генерал-губернаторлықтың бұрынғы кеңсесінің архивін қарап шыққан комиссия мүшелері мен тағы құрылатын архив комиссиясында жұмыс істегісі келген адамдардың 1987 жылы 9 желтоқсанда өткізген жиынында 1884 жылдың 13 сәуіріндегі ережеге сәйкес Орынбор ғылыми архив комиссиясы ашылды<sup>1</sup>. Бұл – Ресейдегі губерниялық комиссиясылардың сегізіншісі, ал Оралдағы бірінші комиссия еді [Пирогова 1988: 71].

*Стремление к изучению родного края, его природы, истории и современного положения свидетельствует о подъеме провинциальной жизни, о развитии национального самосознания. Сохранение памяти о прошлом, любовь к родной истории недаром принято считать первым признаком культуры. Изучая себя, свое прошлое, мы приучаемся горячо любить свою родину; кто же беззаветно любит родину, тот невольно проникается желанием совершенствовать себя, свою жизнь, свое духовное развитие, стремится ко всему доброму, светлomu, стремится приносить пользу обществу своими знаниями и посильным трудом*

<sup>1</sup> Орынбор қаласында Орынбор архив комиссиясының ашылғаны туралы іс. Орынбор облысының мемлекеттік архиві (ООМА), 96-қ., 2-т., 45-іс, 8-п.

*Туған өлкені, оның табиғаты мен тарихын және қазіргі жағдайын зерттеп, білуге ұмтылыс – жергілікті аймақтардың жанданғандығының, ұлттық сана-сезімнің дамығандығының кәсі. Өткен өмір белгілерін сақтай білу мен туған тарихты сүю – мәдениеттің алғашқы белгісі деп бекерге саналмағаны мәлім. Өзіңді, өзіңнің өткен тарихыңды зерделей отырып, отанымызды сүюді үйренеміз; отанын кіршіксіз сүйетін адам өз өмірін, өзінің рухани өмірін жетілдіре түседі, мейірімділікке, жылулыққа, өзінің білімі мен еңбегін қоғамға пайда келтіру үшін жұмсауға ұмтылады,*

– деп жазды «Ғылыми архив комиссияларының, соның ішінде Орынбор комиссиясының қоғамдық маңызы, қызметі мен міндеттері туралы» деп аталатын мақаласында Орынбор ғылыми архив комиссиясының тұрақты мүшесі Николай Иванов [Иванов 1897: 42].

Орынбор комиссиясы өткеннің жазба ескерткіштерін жинау, сақтау міндетін мойнына алды. Оның алғашқы арнайы жұмысы бұрынғы генерал-губернатор басқармасының архивін ретке келтіріп, ғылыми сипаттамасын жасау болды. 1909 жылы 17 ақпанда өткен Орынбор комиссиясының жылдық отырысында сөйлеген комиссия мүшесі Петр Цыпляев «100 000-ға жуық бұл істе кең байтақ Орынбор өлкесінің бүкіл тыныс-тіршілігі жатыр», – деп атап өтті. Бұл сөзді Орынбор комиссиясының жиырма екі жылдық жұмысының қорытындысын бағалау кезінде айтқан еді [Цыпляев 1914: 318].

1887 жылы құрылғанына қарамастан Орынбор комиссиясы өз жұмысын шын мәнінде 1896 жылы бастады деуге болады. Комиссия 1917 жылға дейін жұмыс істеді.

Ресейдегі өзге губерниялық комиссиялардың көбінде жоқ кезде Орынбор комиссиясы өзінің «Труды» деп аталатын баспа органын ұстады. Орынбор архив комиссиясының «Труды» басылымында жарияланған комиссияның жұмысы туралы кейбір есептерде комиссия құрамы туралы ақпараттар бірінші пунктке шығарылды. Комиссия қамқоршысы ретінде Орынбор губернаторы көрсетіліп, одан кейін құрметті мүшелері, одан соң әдеттегідей атағы, лауазымы, тұрғылықты жері мен комиссияға сайланған жылдары көрсетіліп толық мүшелері туралы мәліметтер жазылды. Мысалы 1902 жылға дейін комиссияның тікелей қамқоршысы – Орынбор губернаторы әрі Орынбор казак әскерінің атаманы, генерал-лейтенант Яков Барабаш болған.

Бұл жылы комиссия төрағасы лауазымы бос тұрды, төраға жолдасы – дәрігер Александр Попов (1867–1918), іс басқарушы – оқытушы Иван Шукшинцев, қазынашы – оқытушы Арман Гра (1873–1922) болды. Комиссия құрамына 13 құрметті мүше және 107 толық мүше кірді [Труды 1905: 3]. Құрметті мүше тізімінде тұрғандар:

- Анучин Дмитрий (1843–1923), Жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары императорлық қоғамының президенті, Мәскеу;
- Бобринский Алексей (1852–1927), граф, Археологиялық императорлық комиссия төрағасы, Санкт-Петербург;
- Витевский Владимир (1845–1906), Қазан оқытушылар семинариясының оқытушысы;
- Дубровин Николай (1837–1904), Императорлық ғылым академиясы конференциясының тұрақты хатшысы, Санкт-Петербург;
- Ефимовский-Мировицкий Иван, «Оренбургский листок» газетінің шығарушы-редакторы;
- Ключевский Василий (1841–1911), Императорлық Мәскеу университетінің профессоры;
- Покровский Николай (1848–1917), археология институтының директоры және т.б. [Труды 1905: 44].

Толық мүшелер тізімінде священниктер мен молдалар, топографтар мен алтынөндірушілер, земство бастықтары, оқытушылар, газет редакторлары, дәрігерлер, профессорлар, нотариустар, көпестер, архивариустар, статс кеңесшілер, атаман, училище директорлары тұр [Труды 1905: 44]. Орынбор комиссиясы толық мүшелерінің құрамы интернационалды болды. 1903 жылы комиссия тізімінде тұрған толық мүшелердің тізімі мынадай:

Аманацкий Вячеслав Николаевич, священник  
 Арапов Хамеджан Измаилович, управляющий приисками  
 Балғымбаев Абдолғали Балғымбайұлы, Торғай облыстық басқармасы газетінің бастығы  
 Безин Карл Карлович, Неплюев училищесінің оқытушысы  
 Васильев Александр Васильевич, Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі  
 Гра Арман Петрович, Неплюев кадет корпусының оқытушысы  
 Каримов Мухаметватих Гильманович, типография меңгерушісі  
 Кастанье Иосиф Антонович (Жозеф-Антуан), ерлер гимназиясының оқытушысы  
 фон-Кауфман Алексей Михайлович, Орынбор вице-губернаторы  
 Мухаметдияров Ахметкерей Асфендиярұлы, аға нотариус  
 Мякутин Александр Иванович, сотник  
 Оберленд Александр Рудольфович, жаратылыстану ғылымдарының кандидаты  
 Рамеев Сулейман Мухамед Шакирович, алтын өндіруші  
 Самоцвет Феофил Матвеевич, Неплюев корпусының директоры  
 Столпянский Петр Николаевич, қалалық басқарманың бастығы  
 фон-Таубе Федор Федорович, барон, генерал-майор  
 Ходжа Мухамедияр Мухаммед Шериф, мүфти  
 Чернавской Николай Михайлович, діни училище оқытушысы  
 Шморель Герман Карлович, шенеунік  
 Эрдман Александр Густавович, атаман  
 Юдин Михаил Львович, әскери старшина және тб [Труды 1905: 215–220].

Толық мүшелердің бәрі бірдей Орынбор комиссиясының тұрақты отырыстарына қатыса қойған жоқ, олар архив құжаттарымен тікелей жұмыс істеген жоқ, дегенмен көпшілігі мүмкіндіктері жеткенше комиссия жұмысына қатысуға тырысты, қаржылай көмектесті, меценаттық танытты, мүшелік жарна төледі, кейбірі комиссияның «Труды» басылымын өздерінің типографияларынан басып шығарып, Орынбор комиссиясының жұмысына елеулі үлес қосты.

Орынбор комиссиясының 1903 жылғы есебінде комиссия құрамы былай көрсетілген:

Барабаш Яков, тұрақты қамқоршы – Орынбор губернаторы және Орынбор казактарының ата-маны, генерал-лейтенант  
 Попов Александр, төраға – дәрігер  
 Васильев Александр, төраға жолдасы – Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі  
 Шукшинцев Иван, іс басқарушы – ерлер гимназиясының оқытушысы  
 Мякутин Александр, қазынашы – Орынбор казак әскерінің жүзбасы  
 Лысов Николай, библиотекарь – Орынбор казак әскерінің хорунжийі.

Ұлы мәртебелі император, Ұлы князь Георгий Михайлович құрметті мүшелікке сайланған.

Толық мүшелері:

Балғымбаев Абдолғали, Торғай облыстық басқарма газетінің бастығы  
 Безин Карл, Неплюев кадет корпусының оқытушысы  
 Аничков Иван (1863–1921), Императорлық орыс археологиялық қоғамының толық мүшесі және т.б.

1904 жылдың 1 қаңтарындағы есепке қарағанда Орынбор комиссиясының 12 құрметті мүшесі, 126 толық мүшесі болған [Труды 1905: 133–139].

Орынбордың көптеген өлкетанушылары Орынбор комиссиясына және онымен тығыз ғылыми байланыстағы жергілікті Орыс географиялық қоғамына мүше болды. Екеуі де архив жасаумен, қазақ жерінің палеоэтнографиялық, археологиялық, архитектуралық ескерткіштерін зерттеумен шұғылданды. Орынбор өлкесінің тарихы мен этнографиясы жөніндегі зерттеулер мен құжаттар Орыс географиялық қоғамының «Известия» басылымы мен комиссияның «Труды» басылымдарында жарық көрді. Ғылыми ізденістердің ортақтығына байланысты екі мекеме отырыстары жиі бірге өтіп жүрді. Мысалы 1911 жылы

алты бірлескен отырыс өткізді, оның көбі қазақ жеріндегі құлпытастар, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ұрыптары, жерлеу рәсіміне байланысты наным-сенімдері туралы түрлі бандамаларға арналды. Баяндамашылар арасында Орынбор комиссиясының мүшелері Александр Аниховский, Иван Аничков, Жозеф-Антуан Кастанье, Александр Матов, Яков Полферов, Александр Попов, Николай Соколов, Иван Шукшинцевтер болды. Оларға Орынбор комиссиясының толық мүшесі, 1904 жылдан құрметті мүшесі болған Василий Бартольд (1869–1930) кеңес берді.<sup>2</sup> Орынбор өлкетанушылары қазақтың әдет заңына, билер сотына қызығушылық танытты. Бұл бір жағынан қазақ сотын реформалауға ұмтылған отаршыл биліктің саясатына сай келді. Орынбор комиссиясының «Труды» басылымында ғылыми еңбектерін жариялаған авторлар арасына қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын зерттеуші Александр Алекторов (1861–1918), Александр Добросмыслов (1854–1915), Иван Крафт (1859–1914) тәрізді адамдар болды. 1896 жылы Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі мен Орынбор комиссиясы Нижний Новгород қаласында Бүкілресейлік көркем өнеркәсіп көрмесін өткізуге әзірленді. Олар жасаған Көрме комитеті қазақ экспонаттарын жинақтауды зор жұмыс істеді. Комитетке қазақ халқының этнографиясын жақсы білетін Александр Добросмыслов, Александр Васильев, Яков Полферовтар мүше болды [Масанов 1966: 243.].

Орынбор комиссиясының қызметкерлері тарихи оқиғаларды объективті беруге ұмтылды, алуан түрлі проблемаларға қызығушылық білдірді. Комиссия мүшелерінің шығу тегі де әрқилы еді. Арасында қоғамның түрлі топтарының өкілдері болды. Орынбор комиссиясы элитаға арналған жабық ғылыми мекеме емес еді, бұл жайт комиссия жұмысын сөзсіз оң бағалауға лайық фактінің бірі болды. Алайда білікті мамандардың (архивистер, тарихшылар) жоқтығына байланысты зерттеу жұмыстарымен кәсіпқойлар емес, әуесқойлар айналысты, бұл бір жағынан сол кезеңдегі Ресейдің жергілікті ғылымына тән сипат болатын. Орынбор комиссиясы қызметкерлерінің құрамын сипаттағанда оның интернационалды болғаны да атап өту керек, сөйтіп бір жағынан Орынбор өлкесінің діни және этникалық келбетін де танытып отырды. Орынбор ғылыми комиссиясының жұмысы кешенді сипатымен ерекшеленді. 1881 жылы тараған Орынбор генерал-губернаторлығының архивін реттеп, құрастырудан басталған комиссия жұмысы біртіндеп тарих, этнография, археология бойынша ғылыми-зерттеушілік жұмысқа ұласты.

Көне ескерткіштерді қорғау мен өлкетану музейін жасауға да көп назар аударылды. Қиын жағдайда жұмыс істеуге тура келді. Генерал-губернаторлық кеңсесі жойылған соң оның архиві Қазына палатасының сөрелерінде жатты. Комиссия мүшелері жартылай қараңғы жертөледе отырды. Одан кейін архивті Қонақ сарайының сыз басқан суық бөлмелеріне ауыстырып, құнды архив құжаттары еденде шашылып жатты, бір бөлігін тышқан кеміріп, бір бөлігі шатырдан аққан су астында қалды. Ұзақ ізденістер мен ақша жиналған кезде Орынбор комиссиясы Орал жағасынан шағын кірпіш ғимарат сатып алып, архив пен кітапхана, музейді сонда орналастырды. Тынымсыз жұмыс көп жылдарға созылды, өйткені онда 150 мыңнан астам іс бар еді. Бұл жұмысқа комиссия мүшелері Сергей Севастьянов, Дмитрий Соколов, Иван Шукшинцев, Михаил Юдиндер белсене араласты. Азаматтық істер, казак, башқұрт, шекара және құпия бөлім істерінің бәрінен жиырмадан астам тізім (опись) жасалды [Тугай 2017]. Орынбор комиссиясында әу бастан-ақ 100 мың істен тұратын тарихи архив болды. 1887 жылдан бастап бірнеше жыл ішінде Орынбор комиссиясының мүшелері барлық істің тізімін құрастырып шықты: 1905 жылы Комиссияда тізім 22 томға жетті. Көптеген істер Орынбор комиссиясының «Труды» басылымында әр кездері жарияланып тұрды [Пирогова 1988: 72].

<sup>2</sup> 1911 жылы 25 мамырда өткен Орынбор ғылыми архив комиссиясы мен Императорлық Орыс географиялық қоғамы бірлескен отырысының хаттамасы. ООМА, 96-қ., 1-т., 93-іс, 3-п. Орынбор комиссиясы мүшелерін сайлау мен өзге де мәселелер бойынша хаттар.

Орынбор комиссиясы негізінен істердің тізімін қараумен, архив істерін талдаумен шұғылданып, комиссия мүшелерінің отырыстарын өткізді. Археологиялық зерттеумен, кітапхана және музей жұмыстарына басшылық етумен, «Труды» басылымын шығарумен айналысты. Онда жарияланған материалдар әуелі «Оренбургский листок» газетіне басылды, содан соң «Труды» басылымының 35-нөміріне қайта шығарылды. Мысалы, 1897 жылы архив істерін талдағанда бұрынғы Орынбор губернаторының 10986 азаматтық ісі қарастырылған. Оның ішінде 2 556 іс сақтауға, қалған 8 430 іс жойылуға тиіс болған. Осылайша 1860 жылдан 1881 жылға және 1797 жылдан 1905 жылға дейінгі аралықта жүргізілген істердің тізімі құрастырылған. Сол жылы «өзге мекемелердің» тізімі: 1766 жылдан бастап Уфа губерниясы басқармасының тізімі, 1886–1896 жылдардағы Торғай облыстық басқармасының, Орынбор губерниялық басқармасының, Орынбор губерниясы болыстық басқармаларының тоғыз тізімі қарастырылған. Есепте былай деп көрсеткен:

*Дела, которые казались заслуживающими внимания, отмечались в особой ведомости на предмет вытребования их в Комиссию для рассмотрения.*

*Назар аударуға тұратын істер комиссия қарауына алу үшін ерекше ведомствоға белгіленді.*

1899 жылы өткен XI Археологиялық съезд қаулысы бойынша істерді сақталатын істер немесе жойылатын істер деп бөлуге болмайды, олардың бәрінің тізімі жасалуға тиіс [Труды 1900: 187]. 1902 жылы 25 қарашада өткен комиссия отырысында «Комиссия мүшелері істі қарағанда пайдаланатын ережелер» жасалып, бекітілді.

1. Егер іс әртүрлі тақырыптар мен мәселелерден тұрса, онда үштен бес іске дейін беруге болады, ал егер бір тақырыпты ғана қамтыса онда сегізден онға дейін іс беріледі. Ерекше жағдайларда мұнан көп істі беруге болады, бірақ ол үшін Комиссия төрағасының рұқсатын алу керек.
2. Оқырман қолына іс бір айға беріледі. Бұл мерзім аяқталғанда қайтаруы керек. Істі зерделеу үшін қосымша уақыт қажет болса, онда жаңа мерзімге жазылуға тиіс.
3. Неғұрлым маңызды істер тек қана ғылыми архив комиссиясы төрағасының қарауымен және рұқсатымен берілуі мүмкін.
4. Комиссия талабы бойынша іс тез арада қайтарылуға тиіс.
5. Бұл қаулыны орындамаған комиссия мүшелері істі үйге әкету құқығынан айырылады [Труды 1905: 17].

Бұл ереже архив құжаттарымен жұмысты реттеу мақсатымен жасалды. Комиссия мүшелері кеңсе мен архив ғимаратында іспен танысуға жағдай жоқтығын, істі үйге әкетуге болатынын түсінді. Әр адамға бір істен беру қолайсыздық тұғызды және бір істі бір адамның ұзақ ұстап отыруы комиссияның өзге мүшелерінің жұмысына қиындық келтірді. Комиссияның 1904 жылғы есебінде былай деп көрсетілген:

*Продолжалась разборка дел и составление описей при помощи наемных лиц; это дело подвигается столь успешно, что, как можно надеяться, в 1905 году будет закончено... Правитель дел продолжал составление «Описания дел архива» именно пограничного отдела в XIX столетии (1802–1805)*

*Істерді талдау мен тізім жасауға көмек үшін адамдар жалға алынды, бұл іс сәтті жүріп жатыр, сондықтан 1905 жылы аяқталады деп үміттенуге болады... Іс басқарушы XIX ғасырдағы шекара бөліміне арналған «Архив істерінің сипаттамасын» құрастыруды жалғастырды [Труды 1906: 78].*

Орынбор комиссиясының ағартушылық жұмысы осы комиссия төрағасы Павел Бирк (1836–1900) ұйымдастырған музей жұмысынан айқын көрінді. Бұл музей комиссия жанынан 1897 жылы құрылып, 1831 жылы ғалым Владимир Даль (1801–1872) негізін қалаған Орынбор музейінің дәстүрін жалғастырды. Орынбор комиссиясының қорындағы материалдарда музей жұмысына қатысы бар дүниелер көп. Оның ішінде көне заттарды, мәннеттерді,

минералдарды, археологиялық олжаларды музейге жинау туралы жазысқан хаттар да бар.<sup>3</sup> Музейге орнитологиялық, минералогиялық, этнографиялық коллекциялар жиналды. Музей ашылысымен-ақ көне қолжазба, мемуар, жергілікті қайраткерлердің ғұмырнамасы, шежіре кітап, байырғы акті, белгілі саяси және қоғам қайраткерлерінің хаттары мен қолтаңбалары, көне бұйымдар мен ыдыстар, ескі мәннеттер, ежелгі қару-жарақ, ғұмырнамалық қолжазба, мүсін, көне крест пен икона сықылды тағы да басқа сирек кездесетін өнер туындыларын әркім өз еркімен тапсыра бастады. Музейдің этнография бөліміне осы өлкенің өткенінен хабар беретін жергілікті көнекөз адамдардың жазбалары, жылнамалар, мемуарлар, әндер жинағы, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тұрмыс-тіршілік туралы хикаялар мен аңыздар түсті. 1910 жылға қарай 3 100 экспонат жиналды [Труды 1911: 184]. Орынбор комиссиясының жанындағы Орынбор музейі Қазақстандағы музейтану ісінің негізін қалады. Совет өкіметі орнаған соң Орынбор Қазақстанның алғашқы астанасына айналып (Қырғыз өлкесінің әкімшілік орталығы), бұл музей коллекциясының бір бөлігі Қырғыз (Қазақ) АССР үкіметінің қаулысы бойынша Қазақстанның орталық өлкелік музейінің құрамына кірді. Орыс географиялық қоғамының музейі секілді бай коллекциясы бар Орынбор комиссиясының музейі де сол кезеңдегі ең ірі ғылыми-ағартушылық мекеме еді.

Орынбор комиссиясының жанынан ашылған кітапхана қоры да жеке адамдардың қолдауымен толықты, ғалымдар мен қоғамдық мекемелер кітап алмасу тәсілі арқылы құнды кітаптарын тапсырды. Комиссияның жылдық есебі мен отырыстарының хаттамасын жариялайтын «Труды» басылымына архивтің жағдайы, музейдің жұмысы (бір жылда келген адамдар саны, жаңа экспонаттар) туралы ақпараттар міндетті түрде берілді. Комиссияның ақшасы мен басылымы туралы ақпарат жеке пунктпен көрсетілді. Комиссия отырыстарының хаттамалары да Орынбор ғылыми архив комиссиясының жұмысы туралы алғашқы түпнұсқа дереккөзі болып саналады. Орынбор комиссиясының толық мүшелері туралы да ақпарат беріліп, жұмыс орындарына дейін көрсетілді. Бұл құжаттардың барлығы Орынбор облысының мемлекеттік архивінде тұрған Орынбор ғылыми архив комиссиясының негізгі қоры болды.

### Қорытынды

Әсем Илиясованың Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің жұмысы екі халықтың: орыс пен қазақтың жақындаса түсуіне ықпал еткендігі туралы зерттеу қорытындысының [Ильясова 2006: 49] Орынбор ғылыми архив комиссиясына да толығымен қатысы бар. Орынбор комиссиясы мүшелерінің жұмысы тұтастай алғанда алдыңғы қатарлы қайраткерлердің тарихқа қызығушылығымен толық сай келгенін айта кету керек. Орынбор өлкесі мен онда өмір сүретін халықты географиялық-этнографиялық тұрғыдан зерттеуге Ресейдің қызығушылық танытуы қазақтармен тығыз сауда және саяси байланыс орнатуға және қазақ жері арқылы Шығыстың өзге елдерімен қарым-қатынас жасауға ұмтылысынан туды дейтін Элонора Герасимованың ойымен де келісемін. Мұндай экономикалық және саяси факторлар көп ретте Қазақстанды зерттеу бағыттары мен сипаттарына ықпал етті [Герасимова 1981: 36]. Алайда Орынбор комиссиясы әу баста губерниялық комиссиялар құрған кездегі Ресейдің алға қойған міндеттер шегінен асып түсті. Менің ойымша, Орынбор комиссиясының қайраткерлері отарланған өлкені басқару, қазақ жерінің табиғи байлығын пайдалану секілді мақсат-мүддеге жан салып қызмет еткен жоқ, Орыс географиялық қоғамына қарағанда Орынбор комиссиясының функциясы басқа болды. «Орталықтағы болсын, губерниялардағы болсын ғылыми қауымдастық XIX ғасырдың соңына қарай Ресейдегі алғашқы планға шықты (әсіресе гуманитарлық салады)» деп санайтын Виктор Бердинскийдің ой-пікірімен келісемін. Орталықтағы ғылыми мекемелер провинциялар есебінен күшейді. Мемлекеттік университеттермен, губерниялық статистикалық комитеттермен салысты-

<sup>3</sup> Архив комиссиясының тарихи-этнографиялық музейіне экспонат жинау туралы іс. ООМА, 96-т., 1-т., 20-іс, 1-п.

рғанда ғылымның бұл саласы Ресейде мемлекет пен биліктің қатаң қысымы мен бақылауына түспеді. Губерниялық ғылыми архивтер елдің оригинал ғылыми инфрақұрылымын жасады [Бердинских 1997: 11]. Орынбор комиссиясының ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысы осы өлкені ғылыми тұрғыда зерттеуде маңызды рөл атқарды. Мейлінше ашық ғылыми мекеме ретінде өлкедегі зиялы қауымның үлкен тобын ғылыми жұмысқа тарта алды. Орынбор комиссиясы отыз жылдық жұмысында Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінің архив істері мен губернияның өзге де мекемелерінің архивтерін зерттеп, тізімін, көрсеткіштері мен анықтамалық көмекші құралдарын жасап шықты. Комиссия мүшелері алғашқы сәттен бастап-ақ ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға белсене кірісті. Орынбор комиссиясы қызметкерлерінің күшімен «Труды» басылымы отыз бес рет жарық көрді, музей мен кітапханалардың мол қоры жасалды; тарихи, этнографиялық және археологиялық зерттеулер жүзеге асты. Осы тұрғыдан келгенде Орынбор ғылыми архив комиссиясының көп қырлы, көп салалы жұмысына архив мәселесі де, зерттеушілік те, ағартушылық та қосылды деп түйіндеуге болады. Комиссия мүшелерінің өлкедегі архив ісінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Олар жинап, сақтап қалған деректі ескерткіштердің алтын қоры қазір де пайдаланылып отыр. Орынбор ғылыми архив комиссиясы қызметкерлерінің сан-салалы жігерлі жұмысының нәтижесінде комиссия жанынан «Труды» басылымы жарық көрді.

## Библиография

- Бердинских В.А.* Уездные истории. Русская провинциальная историография. Москва: Новое литературное обозрение, 1997.
- Герасимова Э.И.* Просветительская и научная деятельность русских ученых в Казахстане во второй половине XIX столетия // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. 1981. № 5.
- Зобов Ю.С.* Оренбургская ученая архивная комиссия (Из истории становления исторического краеведения на южном Урале) // Восьмые Бирюковские чтения. Тезисы докладов. Челябинск: Челябинский государственный университет, 1988. С. 142–144.
- Иванов Н.Г.* О задачах, деятельности и общественном значении ученых архивных комиссий вообще и Оренбургской архивной комиссии в частности // Оренбургская ученая архивная комиссия. Вып. II. Оренбург: Типо-литография губернского правления, 1897. С. 37–65.
- Ильслова А.С.* Деятельность Западно-Сибирского отдела РГО по изучению Северо-Восточного Казахстана в первой половине XIX – начале XX веков. Диссертация кандидата исторических наук. Алматы, 2006.
- Любичанковский А.В., Удербаева С.К.* Вклад российских имперских научно-краеведческих обществ в научное изучение Центральной Азии // История. 2019. Т. 10. Вып. 8 (82). DOI: 10.18254/S207987840006044-7
- Макарихин В.П.* Губернские ученые комиссии и их роль в развитии общественно-исторической мысли России в конце XIX – начале XX века // История СССР. 1989. № 1. С. 160–170.
- Масанов Э.А.* Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата: Наука, 1966.
- Матвиевская Г.П., Прокофьева А.Г.* и др. Оренбургская ученая архивная комиссия: ее «Труды» и авторы. Оренбург: Оренбургское книжное издательство им. Г.П. Донковцева, 2020.
- Никулин П.Ф.* Теория и методика источниковедения в отечественной истории X – начала XX вв. Учебное пособие. Томск: Томский государственный университет, 2000.
- Пирогова Е.П.* Деятельность Оренбургской ученой архивной комиссии // Пихоя Р.Г. (ред.). Историография общественной мысли дореволюционного Урала. Свердловск: Уральский государственный университет, 1988. С. 69–77.
- Писарькова Л.Ф.* Губернские ученые архивные комиссии: организация, численность и условия деятельности // Шмидт С.О. (ред.). Археографический ежегодник за 1989 год. Москва: Наука, 1990. С. 187–198.

- Романова С.Г. Исторический опыт краеведческой работы губернских ученых архивных комиссий // *Иванова Л.В., Шмидт С.О.* (ред.). Краеведение Москвы. Научно-методические материалы в помощь краеведам. Москва, 1990. С. 43–46.
- Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. VI. Оренбург: Типо-литография И.И. Евфимовского-Мировицкого, 1900.
- Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XIV. Оренбург: Типо-литография И.И. Евфимовского-Мировицкого, 1905.
- Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XVI. Оренбург: Паровая типо-литография Ф.Г. Каримова, 1906.
- Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XXIII. Оренбург: Типо-литография Товарищества «Каримов, Хусаинов и Ко», 1911.
- Тугай Т.И. Оренбургский путь Ахмета Байтурсунова. Оренбург: Университет, 2017.
- Удербаяева С.К. «Отчет о поездке в Туркестан» Жозефа-Антуана Кастанье из «Трудов» Оренбургской ученой архивной комиссии как исторический источник // Проблемы современной исторической науки: новые направления и подходы. Материалы международной научной конференции международных Бекмахановских чтений. Алматы: Қазақ университеті, 2010. С. 292–294.
- Удербаяева С.К. Классификация материалов «Трудов» Оренбургской учебной архивной комиссии // *Щеглова Т.К.* (ред.). Этнография Алтая и сопредельных территорий. Материалы международной научной конференции, Барнаул, 01 января – 30 2011 года. Барнаул: Алтайская государственная педагогическая академия, 2011. С. 276–278.
- Удербаяева С.К. Возникновение и формирование «Трудов» Оренбургской ученой архивной комиссии как исторического источника // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. 2013. № 2. С. 200–210.
- Удербаяева С.К. Археологическая деятельность Оренбургской ученой архивной комиссии // Научный вестник Крыма. 2019. № 4 (22). С. 1–8.
- Удербаяева С.К. Люди империи в «Записках» генерала И.В. Чернова из «Трудов» Оренбургской ученой архивной комиссии // Империи в мировой истории: актуальные проблемы современных исследований. Сборник научных трудов Международной научно-практической конференции, Стерлитамак, 14 мая 2021 года. Стерлитамак: Башкирский государственный университет, 2021. С. 169–171.
- Цыпляев П.И. Деятельность Оренбургской ученой архивной комиссии с 1887 г. по 1897 г. // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XXX. Оренбург: Электро-типография Тургайского областного правления, 1914. С. 21–210.
- Шведова О.И. Указатель «Трудов» губернских ученых архивных комиссий и отдельных их изданий // *Тихомиров М.Н.* (ред.). Археографический ежегодник за 1957 год. Москва: Наука, 1958. С. 377–436.
- Uderbaeva S.K. The «Proceedings» of the Orenburg Scientific Archival Commission as a Historical Source // *Oriente Moderno*. 2016. № 96 (1). P. 76–98. <https://doi.org/10.1163/22138617-12340096>

## References

- Berdinskikh, V. 1997. *Uezdnye istoriki. Russkaja provincial'naja istoriografija* [County Historians. Russian Provincial Historiography]. Moscow: New Literary Review (in Russian).
- Gerasimova, E. 1981. Prosvetitel'skaja i nauchnaja dejatel'nost' russkih uchenyh v Kazahstane vo vtoroj polovine XIX stoletija [Educational and Scientific Activities of Russian Scientists in Qazaqstan in the Second Half of the 19<sup>th</sup> Century]. In: *Bulletin of the Academy of Sciences of the Qazaq SSR. Social Sciences Series*, 5 (in Russian).
- Zobov, Yu. 1988. Orenburgskaja uchenaja arhivnaja komissija (Iz istorii stanovlenija istoricheskogo kraevedenija na juzhnom Urale) [Orenburg Scientific Archival Commission (From the History of

- the Formation of Historical Regional Studies in the Southern Urals]. In: *Vos'mye Birjukovskie chtenija* [Eighth Biryukov Readings]. Abstracts of Reports. Chelyabinsk: Chelyabinsk State University, 142–144 (in Russian).
- Ivanov, N. 1897. O zadachah, dejatel'nosti i obshhestvennom znachenii uchenyh arhivnyh komissij voobshhe i Orenburgskoj arhivnoj komissii v chastnosti [On the Tasks, Activities, and Social Significance of Scientific Archival Commissions in General and the Orenburg Archival Commission in Particular]. In: *Orenburgskaja uchenaja arhivnaja komissija* [Orenburg Scientific Archival Commission]. Orenburg: Typo-lithography of the provincial government, 2, 37–65 (in Russian).
- Ilyasova, A. 2006. *Dejatel'nost' Zapadno-Sibirskogo otdela RGO po izucheniju Severo-Vostochnogo Kazahstana v pervoj polovine XIX – nachale XX vekov* [Activities of the West Siberian Department of the Russian Geographical Society in the Study of North-Eastern Kazakhstan in the First Half of the 19<sup>th</sup> – Early 20<sup>th</sup> Centuries]. Dissertation for a Candidate of Historical Sciences. Almaty (in Russian).
- Lyubichankovsky, A., Uderbaeva, S. 2019. Vklad rossijskih imperskih nauchno-kraevedcheskih obshhestv v nauchnoe izuchenie Central'noj Azii [The Contribution of Russian Imperial Scientific and Local History Societies to the Scientific Study of Central Asia]. In: *Istorija* [History], 10–8 (82). DOI: 10.18254/S207987840006044-7 (in Russian).
- Makarikhin, V. 1989. Gubernskie uchenye komissii i ih rol' v razvitii obshhestvenno-istoricheskoy mysli Rossii v konce XIX – nachale XX veka [Provincial Scientific Commissions and Their Role in the Development of Social and Historical Thought in Russia in the Late 19<sup>th</sup> – Early 20<sup>th</sup> Centuries]. In: *Istorija SSSR* [History of the USSR], 1, 160–170 (in Russian).
- Masanov, E. 1966. *Ocherk istorii jetnograficheskogo izuchenija kazahskogo naroda v SSSR* [Essay on the History of the Ethnographic Study of the Qazaq People in the USSR]. Alma-Ata: Nauka (in Russian).
- Matviyevskaya, G., Prokofieva A. 2020. *Orenburgskaja uchenaja arhivnaja komissija, ee «Trudy» i avtory* Orenburg Scientific Archival Commission, its "Works" and authors. Orenburg: Orenburg Book Publishing House named after G.P. Donkovtsev (in Russian).
- Nikulin, P. 2000. *Teorija i metodika istochnikovedenija v otechestvennoj istorii X – nachala XX vv.* [Theory and Methodology of Source Studies in Russian History of the 10<sup>th</sup> – Early 20<sup>th</sup> Centuries]. Study guide. Tomsk: Tomsk State University (in Russian).
- Pirogova, E. 1988. Dejatel'nost' Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii [Activities of the Orenburg Scientific Archival Commission]. In: Pikhoya, R. (ed.). *Istoriografija obshhestvennoj mysli dorevoljucionnogo Urala* [Historiography of Social Thought in the Pre-Revolutionary Urals]. Sverdlovsk: Ural State University, 69–77 (in Russian).
- Pisarkova, L. 1990. Gubernskie uchenye arhivnye komissii: organizacija, chislennost' i usloviya dejatel'nosti [Provincial scientific archival commissions: organization, number and conditions of activity]. In: Schmidt, S. (ed.). *Arheograficheskij ezhegodnik za 1989 god* [Archaeographic yearbook for 1989]. Moscow: Nauka, 187–198 (in Russian).
- Romanova, S. 1990. Istoricheskij opyt kraevedcheskoj raboty gubernskih uchenyh arhivnyh komissij [Historical experience of local history work of provincial scientific archival commissions]. In: Ivanova, L., Schmidt, S. (eds.). *Kraevedenie Moskvy* [Local history of Moscow]. Scientific and methodological materials to help local historians. Moscow, 43–46 (in Russian).
- Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii.* 1900 [Works of the Orenburg Scientific Archival Commission]. Orenburg: Typo-lithography of I.I. Evfimovskiy-Mirovitskiy, 6 (in Russian).
- Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii.* 1905 [Works of the Orenburg Scientific Archival Commission]. Orenburg: Typo-lithography of I.I. Evfimovskiy-Mirovitskiy, 14 (in Russian).
- Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii.* 1906 [Works of the Orenburg Scientific Archival Commission]. Orenburg: Steam Typo-lithography of F.G. Karimov, 16 (in Russian).
- Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii.* 1911. [Works of the Orenburg Scientific Archival Commission]. Orenburg: Typo-lithography of the Partnership "Karimov, Khusainov and Co", 23 (in Russian).

- Tugay, T. 2017. *Orenburgskij put' Ahmeta Bajtursunova* [The Orenburg Way of Akhmet Baitursunov]. Orenburg: University (in Russian).
- Uderbaeva, S. 2010. «Otchet o poezdke v Turkestan» Zhozefa-Antuana Kastan'e iz «Trudov» Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii kak istoricheskij istochnik [“Report on a Trip to Turkestan” by Joseph-Antoine Castagnier from the “Works” of the Orenburg Scientific Archival Commission as a Historical Source]. In: *Problemy sovremennoj istoricheskoy nauki: novye napravleniya i podhody* [Problems of Contemporary Historical Science: New Directions and Approaches]. Proceedings of the International Scientific Conference of the International Bekmakhanov Readings. Almaty: Qazaq University, 292–294 (in Russian).
- Uderbaeva, S. 2011. Klassifikacija materialov «Trudov» Orenburgskoj uchebnoj arhivnoj komissii [Classification of materials of the “Works” of the Orenburg Academic Archival Commission]. In: Shcheglova, T. (ed.). *Jetnografija Altaja i sopredel'nyh territorij* [Ethnography of Altai and adjacent territories]. Proceedings of the international scientific conference, Barnaul, January 01–30, 2011. Barnaul: Altai State Pedagogical Academy, 276–278 (in Russian).
- Uderbaeva, S. 2013. Vozniknovenie i formirovanie «Trudov» Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii kak istoricheskogo istochnika [Emergence and formation of the “Works” of the Orenburg Academic Archival Commission as a historical source]. In: *Vestnik Nacional'noj akademii nauk Respubliki Kazahstan* [Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Qazaqstan], 2, 200–210 (in Russian).
- Uderbaeva, S. 2016. The «Proceedings» of the Orenburg Scientific Archival Commission as a Historical Source. In: *Oriente Moderno*, 96 (1), 76–98 <https://doi.org/10.1163/22138617-12340096> (in English).
- Uderbaeva, S. 2019. Arheologicheskaja dejatel'nost' Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii [Archaeological activities of the Orenburg Academic Archival Commission]. In: *Nauchnyj vestnik Kryma* [Scientific Bulletin of Crimea], 4 (22), 1–8 (in Russian).
- Uderbaeva, S. 2021. Ljudi imperii v «Zapiskah» generala I.V. Chernova iz «Trudov» Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii [People of the Empire in the “Notes” of General I.V. Chernov from the “Works” of the Orenburg Scientific Archival Commission]. In: *Imperii v mirovoj istorii: aktual'nye problemy sovremennyh issledovanij* [Empires in World History: Current Problems of Modern Research]. Collection of scientific papers of the International Scientific and Practical Conference, Sterlitamak, May 14, 2021. Sterlitamak: Bashkir State University, 169–171 (in Russian).
- Tsypljaev, P. 1914. Dejatel'nost' Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii s 1887 g. po 1897 g. [Activities of the Orenburg Scientific Archival Commission from 1887 to 1897]. In: *Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii* [Works of the Orenburg Scientific Archival Commission]. Orenburg: Electric Printing House of the Turgai Regional Government, 30, 21–210 (in Russian).
- Shvedova, O. 1958. Ukazatel' «Trudov» gubernskih uchenyh arhivnyh komissij i otдел'nyh ih izdanij [Index of the “Works” of provincial scientific archival commissions and their individual publications]. In: Tikhomirov, M.N. (ed.). *Arheograficheskij ezhegodnik za 1957 god* [Archaeographic yearbook for 1957]. Moscow: Nauka, 377–436 (in Russian).

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 27.03.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами: 11.05.2025

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 20.05.2025

